

Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия мен Тынық мұхитқа арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссиясының 63-сессиясын өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 14 наурыздағы N 58-ө
Өкімі

2007 жылғы 15 - 23 мамырда Алматы қаласында Біріккен Ұлттар Ұйымының Азия мен Тынық мұхитқа арналған Экономикалық және әлеуметтік комиссиясының (бұдан әрі - АТМЭӘК) 63-сессиясын өткізу мақсатында:

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі АТМЭӘК-тің 63-сессиясын өткізуге АТМЭӘК-тің Хатшылығына аудару үшін 2007 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 994500 (тоғыз жүз тоқсан төрт мың бес жүз) АҚШ доллары сомасында қаражат бөлсін.

Премьер-Министр